Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 5 хаттамасы

Тасқала ауылы **“4” маусым 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 16:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 8 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Б.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Х.Т.Мулдашев, М.Ж.Нурашева, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. **Тасқала ауылдық округіндегі көң- қоқыс төгетін алаңды тазалау жұмыстары туралы**

ТЫҢДАЛДЫ:

Қ.Баймагамбетов: Саламатсыздар ма! Тасқала ауылының шетіндегі көң-қоқыс төгетін алаңды жинау, тазалау жұмыстары бойынша не айтасыз?

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері!

Ағымдағы жылғы 23 мамырда ауыл тұрғындарымен болған кездесуде ауылдың шетіндегі көң- қоқыс төгетін алаңды жинау, тазалау туралы сұрақ көтерілген болатын.

Ол алаңды тазалау үшін біздер мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шыққан болатынбыз. Көң-қоқыс алаңын тазалауды «Ақтөбе Феникс- 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұтып алды. Бірақ әлі күнге дейін келісімшарт бойынша міндеттерін атқармады, оны сотқа бердік. Жеткізуші шарттың орындалуын белгіленген мерзімде ұсынбағандықтан жосықсыз жеткізуші деп танылды. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу порталына қайтадан конкурс ұйымдастырамыз.